

"Экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі 2020 жылдың соңына дейінгі кешенді жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 307 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 10 тамыздағы № 509 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі 2020 жылдың соңына дейінгі кешенді жоспарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № 307 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 2020 жылдың соңына дейін экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспарда:

реттік нөмірі 67-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

67	"Tax free" және "kids go free" тетіктерін енгізу бөлігінде туристік қызметті жетілдіру жөніндегі заң жобасының шеңберінде заңнамалық түзетулер қабылдаудың орындылығын пысықтау	Үкіметке ақпарат	2020 жылғы желтоқсан	МСМ, Қаржымині, ҰЭМ
----	---	------------------	----------------------	---------------------

";

реттік нөмірі 72-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

72	Даму институттарының ("Даму" ҚДҚ" АҚ) өңдеу өнеркәсібі субъектілері үшін негізгі борыштың 85 %-інен аспайтын көлемінде кепілдіктер беруі	Үкіметке ақпарат	2020 жылғы тамыз	ҰЭМ, ИИДМ, "Даму" ҚДҚ" АҚ (келісу бойынша)
----	--	------------------	------------------	--

";

реттік нөмірі 132-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 142-жол алып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин